



Ғылыми мақала / Research Article

МҒТАР / IRSTI: 17.71.91

<https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-147-169>

S.Seifullin's novel "Thorny Path" (Tar Zhol, Taigak Keshu): aspects of personality

G. Ibrayeva^a✉^{id}, K. Seitkazina^a✉^{id}, A. Taşağıl^b✉^{id}^aL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan^bYeditepe University, Istanbul, Turkey

✉gulnaz_0976@mail.ru

Abstract. The 21st century marks a period of unprecedented scientific advancement on a global scale. This is due to the emergence and development of modern technologies, which have led to the creation of innovative technologies and professions that serve humanity. Furthermore, various scientific fields are interconnected, resulting in groundbreaking research. In this context, the field of history is increasingly intertwined with other disciplines, leading to an abundance of new data and the development of theoretical and methodological approaches. Consequently, new scholarly works have emerged in the field of personology, a branch of historical science. Authors in this field emphasize the historical significance of personology in national history from a scientific perspective. This is because every moment and event in life involves people, and as a result, these periods become history. From this perspective, this scientific article conducts theoretical and methodological analyses at a scientific level in the field of personology. Moreover, the researcher's focus on systematically examining and analyzing the past is of particular importance. The article examines a historical and textual analysis of Saken Seifullin's novel "Thorny Path" (Tar Zhol, Taigak Keshu), a prominent figure of Alash who fought for the country's independence. The history of writing and publication of the novel is analyzed, especially the original manuscript written in Arabic script in Kyzylorda in 1927, and compared with the editions of 1936, 1960, 1977, 1988, 2009, and 2012, highlighting textual differences among the later editions. The impact of Soviet ideology on the content of the novel through alterations introduced in later editions is thoroughly investigated. Additionally, the article discusses information about Alash figures and the author's viewpoints presented in the work. The study reveals that this novel is not only a work of fiction but also a significant source of historical and political events in Kazakhstan in the early 20th century. Editorial revisions that distorted the author's intent are identified, and the importance of achieving historical justice is emphasized. A theoretical and methodological analysis was conducted within the framework of personality studies. The exploration of Saken Seifullin's work holds significant value not only for the field of literary studies but also as an essential source for the history of Kazakhstan. The results of this research represent an important and relevant step toward restoring historical justice and fostering an objective understanding of the past. This study highlights the importance of textual analysis and the necessity for precision in working with historical sources. Furthermore, it emphasizes the contribution of personality studies to the development of historical knowledge. This work represents a meaningful scholarly effort in the pursuit of an accurate evaluation of the past and the formation of national consciousness.

Keywords: Saken Seifullin; "Thorny Path"; textual analysis; Alash movement; Soviet ideology; historical source

For citation: Ibrayeva G., Seitkazina K., Taşağıl A. S.Seifullin's novel "Thorny Path" (Tar Zhol, Taigak Keshu): aspects of personality. *Gumilyov Journal of History*. 2025. T.153, no.4, pp.147-169. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-147-169>

Роман С. Сейфуллина «Тернистый путь» в контексте изучения роли личности в истории

Г. Ибраева^а, К. Сейтказина^а, А. Ташагыл^б

^а*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

^б*Университет Йедитене, Стамбул, Турция*

Аннотация. XXI век – период, когда наука достигла своего расцвета на мировом уровне. Появление и развитие современных технологий привели к возникновению новых специальностей и технологических решений, активно служащих человечеству. Кроме того, различные научные дисциплины тесно взаимодействуют, способствуя появлению новых исследований. В этом контексте историческая наука, находясь в интеграции с другими областями знаний, обогащается новыми источниками и совершенствует теоретико–методологические подходы. Одним из значимых направлений исторической науки является персоналистика, в рамках которой были созданы новые научные труды. Исследователи в данной области акцентируют внимание на исторической значимости персоналистики в отечественной истории, поскольку каждый момент и каждое событие прошлого связаны с деятельностью конкретных личностей, превращая тем самым их эпоху в часть истории. В связи с этим в данной научной статье проводится теоретико–методологический анализ персоналистики на научном уровне. Важность исследований в этой области заключается в необходимости системного осмысления и анализа прошлого. В статье рассматривается исторический и текстологический анализ романа–эссе «Тар жол, тайғақ кешу» видного деятеля – Сакена Сейфуллина, посвятившего свою деятельность борьбе за независимость страны. Исследуется история создания и публикации произведения, начиная с его оригинальной версии 1927 года, опубликованной в Кызылорде арабским шрифтом, и далее через издания 1936, 1960, 1977, 1988, 2009 и 2012 годов. Особое внимание уделяется текстовым различиям между этими редакциями, а также влиянию советской идеологии на содержание произведения. Анализируются сведения об алашских деятелях и взгляды автора, отраженные в романе. В результате исследования установлено, что данное произведение представляет собой не только художественный текст, но и важный историко-политический источник по событиям начала XX века в Казахстане. Выявлены редакционные изменения, искажившие авторский замысел, и подчеркнута значимость восстановления исторической справедливости.

Ключевые слова: Сакен Сейфуллин; «Тар жол, тайғақ кешу»; текстологический анализ; движение Алаш, советская идеология; исторический источник

С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы: тұлғатану аспектілері

Г. Ибраева^а, К. Сейтказина^а, А. Ташағыл^б

^а*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

^б*Едитене университеті, Ыстамбұл, Түркия*

Андатпа. ХХІ ғасыр – ғылым мен технологияның қарқынды дамыған кезеңі. Бұл үрдіс тарих ғылымына да әсер етіп, жаңа зерттеулер жүргізуге мүмкіндік берді. Соның ішінде тұлғатану бағыты ерекше маңызға ие болып, тарихи тұлғаларды зерттеудің жаңа қырларын ашты. Осыған байланысты, тарих ғылымы басқа салаларымен етене байланыста болуы арқылы тың деректер айналымға енуде. Тарих ғылымының бір саласы болып табылатын тұлғатану бойынша жаңа ғылыми еңбектер дүниеге келді. Бұл бағыт тұлғатанушы авторлар, Отан тарихындағы тұлғатанудың тарихи маңызын ғылыми тұрғыда атап көрсетті. Тұлғатану белгілі тарихи қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеу арқылы өткен дәуірдің саяси, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде ел тәуелсіздігі үшін күрескен Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман–эссесіне тарихи және текстологиялық талдау жүргізілді. Шығарма ХХ ғасыр басындағы Қазақстанның саяси–тарихи оқиғаларын сипаттайтын маңызды дереккөзі ретінде қарастырылды. Зерттеу барысында романның 1927 жылы Қызылордада араб қарпімен жарық көрген алғашқы нұсқасы мен 1936, 1960, 1977, 1988, 2009 және 2012 жылдардағы басылымдары салыстырылып, мәтіндік айырмашылықтары анықталды. Бұл зерттеу осы шығармаға енгізілген өзгерістердің тарихи шындыққа қаншалықты әсер еткенін анықтауға бағытталған. Осы арқылы шығармаға енгізілген редакциялық түзетулердің тарихи шындықты қаншалықты өзгерткені зерделенді. Романдағы өзгерістерге жан–жақты талдау жасалып, Сәкен Сейфуллиннің Алаш қайраткерлеріне қатысты көзқарастарының қалай берілгені зерттелді. Шығарманың бастапқы нұсқасында тарихи оқиғалар мен қайраткерлер туралы мәліметтер кеңірек қамтылғаны анықталды. Кейінгі басылымдарда кейбір деректердің өзгертілуі немесе қысқартылуы тарихи шындықтың бұрмалануына ықпал еткен. Бұл зерттеу романның тек әдеби шығарма ғана емес, сонымен қатар ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси–әлеуметтік тарихын зерттеуге негіз болатын маңызды дереккөзі екенін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу барысында Сәкен Сейфуллиннің авторлық идеясы мен шығармашылық көзқарасының өзгеруіне әсер еткен факторлар қарастырылды. Оның шығармашылық мұрасын талдау арқылы сол кезеңдегі саяси жағдайдың, кеңестік идеологияның ықпалы және цензураның рөлі айқындалды. С.Сейфуллиннің романында тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге деген ұмтылысы көрініс тапқанымен, оның шығармасына кейінгі өзгерістердің енгізілуі тарихи шындықтың бұрмалануына алып келгені анықталды. Зерттеу нәтижелері текстологиялық сараптаманың маңыздылығын көрсетіп, тарихи еңбектердің түпнұсқалық деректермен сәйкестігін анықтаудың өзектілігін айқындайды. Сонымен қатар, тұлғатану ғылымының тарихи зерттеулердегі маңызын арттыруға ықпал етеді. Ғылыми мақалада тұлғатану бағыты бойынша ғылыми деңгейде теориялық–методологиялық талдаулар жүргізіледі. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын зерттеу тек әдебиеттану саласы үшін ғана емес, Қазақстан тарихының маңызды дереккөзі ретінде де ерекше мәнге ие. Бұл зерттеу нәтижелері тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және өткенді шынайы бағалау жолындағы маңызды, өзекті қадам болып табылады. Осы зерттеу текстологиялық сараптаманың маңыздылығын және тарихи

дереккөздермен жұмыс істеудегі дәлдіктің қажет екенін айқындайды. Сонымен қатар, тұлғатану ғылымының тарихи танымға қосар үлесін арттыра түседі. Бұл жұмыс – өткенді шынайы бағалау мен ұлттық сана қалыптастыру жолындағы маңызды ғылыми қадам.

Түйін сөздер: Сәкен Сейфуллин; Тар жол, тайғақ кешу; текстологиялық талдау; Алаш қозғалысы; Кеңес идеологиясы; тарихи дереккөз

Сілтеме жасау үшін: Ибраева Г., Сейтказина К., Ташағыл А.С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы: тұлғатану аспектілері. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Т.153, no.4. с.147-169. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-147-169>

Kіpіcne

Тарих ғылымының ең басты салаларының бірі – тұлғатану бағыты. Тұлғатану – ғылым көкжиегінде әрқашанда өзектілігі мен маңыздылығын жоймайтын бірден-бір тарих ғылымы саласының бір бөлшегі. Себебі, тұлғалар жасаған әр дәуірдің әр кезеңін алып қарасақ та, оқиғалардың өзіндік ерекшеліктерін көруге болады. Сондықтан да, олардың шығармашылық мұрасы, терең ой-тұжырымдары, атқарған еңбектері тарих ғылымында әрқашан өзектілігін жоймайтын бірден-бір негіздер (Абжанов 2023: 488). Отан тарихының әр кезеңіндегі тұлғаларға тоқталып өтсек, Кеңес өкіметі ыдырап, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ тарихына және мәдени құндылықтарына жаңаша көзқарастар қалыптаса бастады. Қайраткерлерге деген түрлі қайшылықты пікірлер туындағанын айтқан дұрыс. Мәселен, өз елінің Тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресте көптеген арыстардың еңбегі зор. Олар қолдарына қару алып ашық күреске шықпай-ақ, керісінше мәдениетті түрде өз қарсыластарына мақалалар мен еңбектер жазу арқылы, жасырын жастар және ағарту-мәдени ұйымдарды құру арқылы жүзеге асырды. Алаш қайраткерлері барлық қазақ жастарын білімге, оқуға және сауаттылыққа шақыруға тырысып бақты. Оған дәлел ретінде профессор Дихан Қамзабекұлы «Руханият» атты ғылыми еңбегінде Қазақ және Ресей жерінде қазақ зиялыларының бас қосуы нәтижесінде бірнеше жасырын ұйымдар құрылғандығын және соның бірі ретінде «Жас қазақ» – Ақмолада, «Жанар» – Семейде, «Талап» – Қызылордада, «Еркін дала» – Орынборда, «Оқығандар» – Көкшетауда, «Ғылым ұйымы» – Керекуде, «Жастар ұйымшысы» – Бөкей Ордасында, «Ынтымақ» – Атбасарда, «Жастілек» – Ақтөбеде және т.б. болғандығын көрсетеді (Қамзабекұлы 1997: 46). Бұл ұйымдар арқылы қазақ жастарын сауаттандырып, ата-бабалар аңсаған егемендікті алуда зор үлестерін қосты. Жоғарыда аталған еңбектер мен ұйымдар, қазақ еліндегі барлық қазақ жастарының бір шаңырақ астына топтастыруға және өз мүдделерін жүзеге асыруға сан алуан мүмкіндіктерді берді. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы ерекше назар аудартты. Романның әр жылдардағы басылымдары арасындағы айырмашылықтар, ондағы өзгерістер мен бұрмалаулар бүгінгі зерттеушілер үшін маңызды тақырыпқа айналды. Бұған дәлел ғалымдардан арасында кейбір авторлардың С.Сейфуллинге объективті баға беруге талпынысы, сөйте тұра оны басқа қазақ зиялыларына қарсы қойғысы келетіні. 1992 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің «Азат елдің әдебиеті қандай болуы керек?» айдарымен ұйымдастырылған пікір алысуда С. Сейфуллиннің негізгі

шығармасы деп саналатын «Тар жол, тайғақ кешу» романын «...таза тарих үшін ғана керек болғанымен, ендігі жерде қазақ әдебиетінің игіліктері қатарына қосыла алар ма?» деп күмән келтіргендер болды (Кәкішев 2004: 52).

С.Сейфуллиннің қазақ тарихы мен әдебиетінде өзіндік деректік және тарихи құжаттық орны бар «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның ел ертеңі болатын жастарды тәрбиелеуде ерекше орын алады. «Мақсат: 1916–17–18–19 жылдардағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде әйтеуір із қалдыру болды. Бұл кітапқа «Қызыл Қазақстанда» жазылған мақалаларымның «Тар жол, тайғақ кешу» деген атын қойдым. «Ұлы өзгеріс», «Ұлы өткел», «Ұлы асу» деген аттар ойыма келіп еді. Көзбен көргендерім кітапта көбірек айтылған соң, «Тар жол, тайғақ кешу» деген атты лайықтырақ таптым. Бұл атты, жалпы, суретті мағынада алдым. Газеттерден мағлұматтар көп кірді. Өйткені мен бұл кітаптың көп жерлері тарихи мағлұмат болуға жарар деп білдім», – дейді (Сейфуллин 1927: 424). Романға қатысты теріс пікірлердің негізгі себебі – оның Алаш қайраткерлері мен сол кезеңдегі қоғамдық-саяси оқиғалар туралы мәліметтері. Бұл туындыда Уақытша Үкімет, Алашорда қозғалысы және қазақ даласындағы революциялық өзгерістер туралы баяндалған. Автор Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және басқа да Алаш қайраткерлерінің қызметіне өз көзқарасын ашық білдірген. Ол уақытта барлық Алаш қайраткерлерінің көзі тірі еді. Тек, Нәзір Төреқұлов қана осы романдағы оқиғаларды сынап, мақала жазған (Еңбекші қазақ 1928: 24 желтоқсан).

Сәкен Сейфуллиннің шығармасы көркем туынды ғана емес, сонымен қатар, тарихи кезеңнің дереккөзі ретінде де маңызды. Өйткені, ХХ ғасыр басында көптеген Алаштың белгілі өкілдері егемендікке жету жолында ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді. Осыған орай, «тұлға» ұғымымен тығыз етене байланысты «зиялы», «интеллигенция» ұғымдарын да айта аламыз. Жоғарыда атап өткеніміздей, тұлға – бұл өз ойын толық нақты жеткізе алатын, белгілі бір іс-әрекеттерді ұқыптылықпен, тиянақтылықпен жүзеге асыратын адамзат баласы деп атап өттік. Ғалым М.Қ. Қозыбаев «интеллигенция» ұғымына келесідей анықтама береді: «Шын мәнінде, интеллигенция дегеніміз – ғылым мен мәдениеттің сан – саласымен кәсіби айналысушы, мәдениетті дамытып, таратушы, ой, рухани еңбектің адамдары. Интеллигенция – зиялылары, ең алдымен, ғылымды, техниканы, өнерді, білімді дамытушы жасампаздар қауымы, – деп ғылыми тұрғыда баға берген (Қозыбаев 2001: 368). Алайда, романның әртүрлі басылымдарының салыстырмалы талдауы оның мазмұнындағы редакциялық өзгерістердің себебін айқындауға және ғылыми тұрғыда объективті баға беруге мүмкіндік береді.

Романды кешенді зерттеу тек әдебиеттану ғана емес, тарихи және саяси ғылымдардың да маңызды міндеті болып табылады. Сәкен Сейфуллиннің өмірі, қоғамдық-саяси қызметі, партиялық ұстанымы мен азаматтық көзқарасы жайлы пікірлер әртүрлі (Қирабаев 1974: 432). Алайда бұл пікірлердің ешқайсысы оның шығармашылығының құндылығын төмендете алмайды. Ақынның еңбектері бүгінгі таңда да оқырман тарапынан жоғары бағаланады. Оның ішінде «Тар жол, тайғақ кешу» романына ерекше орын беріледі. Бұл шығарма ХХ ғасыр басындағы тарихи оқиғаларды кеңінен қамтып, сол дәуірдің энциклопедиялық шежіресі ретінде танылған. Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі мен 1917 жылғы революциялық өзгерістерді суреттеуде маңызды дереккөз болып

табылады. Сондай-ақ, романның жазылуы Сәкен Сейфуллиннің батылдығын, қоғамдық жауапкершілігін және тарихи адалдығын көрсететінін атап өтеді (Кәкішев, Ахмет 1997:54). Романның маңыздылығына тоқталсақ, «Алашорда» ұлттық-территориялық автономиясының құрылуы және оның қызметі туралы алғашқы тарихи деректердің осы туындыда қамтылуында. Алаш қозғалысы туралы зерттеу жүргізгенде бұл шығарма маңызды дереккөз болып табылады. «Тар жол, тайғақ кешу» арқылы біз бүгінгі күні аз зерттелген қайраткерлердің есімдерін және олардың бостандық жолындағы қызметін танып біле аламыз. Сондай-ақ, бұл шығармада Алаш қозғалысының белгісіз қырлары мен осы іске белсене атсалысқан тұлғалар туралы тың мәліметтер кездеседі. Белгілі зерттеуші ғалым К. Ахметтің пікірінше, Сәкен Сейфуллин өз заманындағы саяси қысымдарға қарамастан, «Алаш» қайраткерлеріне қиянат жасамаған. Бұл оның шығармашылық және адами ұстанымдарының әділдігін көрсетуге тырысатын көзқарасты білдіреді. Олардың үстінен сот ісіне қатыспағанын, тіпті ең қиын кезеңдерде де ешкімді ашық немесе жасырын түрде көрсетпегенін нақтылайды. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасын оқыған кейбір зерттеушілер мен оқырмандар оның Алашордаға деген көзқарасын сынға алады. Ғалым Күләш Ахметова өз еңбегі «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» атты кітабында: «Сәкенді сынның астында қалдыратын да – «Тар жол, тайғақ кешу», ал оны ақтап шығаратын да – осы шығарма» деп атап өтеді. Шындығында, 1927 жылы жарық көрген түпнұсқасында Сейфуллин Алашорданы жамандамаған. Керісінше, онда «Алашорданың зиялылары, ақ жағалылар, көк жағалылар, қазақтың оқығандары» деген анықтамалар қолданылған. Алайда, 1936 жылы латын графикасымен қайта басылған нұсқасында бұл сөздер «байшылдар, феодалдар, Кеңес үкіметінің жаулары» деп өзгертілгені анықталған (Кәкішев, Ахмет 1997:211-212).

Әрбір талдаушыға, оның ішінде күмән келтіретін оқырманға, бастапқы нұсқаны толыққанды қарастырып, қорытынды жасауды ұсынамыз. Аталмыш пікірге оның «Тар жол, тайғақ кешу» романы және сәкентанушы ғалымдардың зерттеулері де дәлел бола алады (Кәкішев 1991: 6-7). Романның әр жылдардағы басылымдары мен Сәкен Сейфуллин мен Алашордашылар арасындағы қарым-қатынас туралы басқа зерттеушілердің көзқарастары толық көлемде зерделенбеген. Әр нұсқасын түпнұсқамен салыстыра отырып, текстологиялық тұрғыдан толыққанды талдау жүргізілмеген.

Бұл зерттеудің мақсаты – Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романына талдау жүргізу арқылы оның тарихи шынайылығын айқындау және кеңестік кезеңде енгізілген өзгерістердің мәнін анықтау.

Зерттеудің міндеті:

Түпнұсқа мен кейінгі жарияланымдар арасындағы айырмашылықтарын салыстыра отырып, мәтіндік айырмашылықтарды анықтау;

Бұл өзгерістердің енгізілу себептері мен тарихи-көркемдік тұрғыдағы салдарын саралау;

Сәкен Сейфуллиннің Алаш қайраткерлеріне қатысты көзқарастарын зерттеу; Кеңес дәуірінің цензурасы мен идеологиясының туындыға әсерін талдау;

Романның тарихи дереккөз ретіндегі маңызын ашып көрсету.

Егер Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының түпнұсқа мен кейінгі басылымдары салыстырылып, текстологиялық тұрғыдан толық талданса, онда Кеңес дәуіріндегі идеологиялық әсердің бұл шығарманың мазмұнына айтарлықтай өзгерістер енгізгені дәлелденеді және тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге мүмкіндік туады.

Материалдар мен әдістер

Мақала тарих ғылымының бір саласы болып табылатын тұлғатану туралы зерттеген отандық және шетел ғалымдарының методологиялық еңбектеріне сүйене отырып, жазылды. Осыған орай, мақалада жүйелелілік, объективтілік тарихилық принциптер бойынша талдау жасалынды. Тарихшы танысу үшін іріктелген дереккөздермен жұмыс жасаған кезде оның бірінші міндеті мәтіннің мағынасын ашу және оны игеру, оның шығу тегін (авторлығын, уақытын, жасалу орны мен мақсатын) және түпнұсқалығын анықтау болып табылады. Әдетте сыртқы сын көзіне қатысты осы операцияларда зерттеушіге палеография, эпиграфика, текстология, сфрагистика, дипломатия және басқа да қосалқы тарихи ғылымдар көмек көрсетеді. Сыртқы сын аяқталғаннан кейін зерттеуші дереккөздегі мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын және дәлдігін анықтауға көшеді. Жұмыстың бұл кезеңін көздің ішкі сыны немесе герменевтикасы деп атайды (Репина және т.б. 2012: 37). Жұмыста теориялық материалды жүйелеу және текстологиялық зерттеу, сараптамалық қарастыру, құндылық тәсілдер аясындағы құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Текстологиялық талдау – жоғары деңгейдегі ыждағаттылықты, қырағылықты және объективтілікті қажет ететін зерттеу саласы.

Зерттеудің негізгі мақсаты – әдеби туындының әрбір нұсқасын түпнұсқа негізінде талдап, уақыт өте келе енгізілген бұрмалаулар мен идеологиялық өзгерістерді анықтау. Әрбір сөз, сөйлем, бөлім, тарауды мұқият тексеру арқылы автордың түпнұсқалық ниетін қайта қалпына келтіру және ғылыми негізделген тұжырымдар жасау көзделді. Бұл зерттеуде И.Н. Данилевскийдің тарихи текстологияға арналған еңбегінің методологиясына сүйене отырып, С. Сейфуллиннің романындағы мәтіндік өзгерістерді жүйелі салыстыру арқылы оның тарихи құндылығына баға берілді. И.Н. Данилевский текстологияны тарихи дереккөздермен жұмыс істейтін пән ретінде қарастырып, мәтіндегі әртүрлі қабаттарды (идеологиялық, авторлық, редакторлық) ажыратуды ұсынды. Бұл әдіс бойынша әрбір мәтін тек тарихи емес, сонымен бірге мәдени және идеологиялық өнім ретінде қарастырылады. Сәйкесінше, әрбір редакция белгілі бір тарихи кезеңнің талаптары мен ықпалынан туындайды. Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, біз Сейфуллиннің шығармасына да сол көпқабатты тарихи-мәдени мәтін ретінде зерттеу жүргізілді. Мәтіндегі әр кезеңге тән қабаттарды ажырату тәсілі романның идеологиялық өзгерістерге ұшыраған бөліктерін, мәтін эволюциясын зерттеуге бағыт береді. Мақалада мәтіндегі әр кезеңге тән қабаттарды ажырату тәсілі қолданылған. Бұл тәсіл арқылы мәтіннің уақыт өте келе идеологиялық өңдеуге ұшыраған тұстары анықталды. Нақтырақ айтқанда, әр нұсқадағы өзгерістер түпнұсқамен салыстырылып, бұрмалаулар мен қосымшалар жүйелі түрде зерттелген. Талдау барысында автор әрбір сөз, сөйлем, тарау деңгейінде салыстыру жүргізіп, бастапқы авторлық ниетті қалпына келтіруді мақсат еткен. Бұл жерде тек сыртқы сын ғана емес, ішкі сын (герменевтика), сыртқы сын, дереккөздерді классификациялау, автордың түпнұсқалық ойын қалпына келтіру тәсілдері де қолданылған, яғни мәтіннің мағынасын, мәнмәтінін ашу әдістері орын алған (Данилевский 2018: 556).

Бұл еңбек тарихи құжаттар мен шығармаларды текстологиялық тұрғыдан талдаудың теориясы мен тәжірибесін ұсынады. Тарихи деректермен жұмыс жасау әдістері, дерек көздерін классификациялау, сыртқы және ішкі сын әдістері кеңінен қарастырылады.

Қазақ тарихын зерттеудегі методологиялық тәсілдер мен ұлттық көзқарас мәселелері қамтылады (Қозыбаев 2001: 368).

Әдеби шолу

Еңбекте Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мен оның шығармашылығындағы басты бағыттар айқындалды. С.Сейфуллиннің Алаш қозғалысына қатысты көзқарастары мен Кеңес үкіметі тұсындағы рөлі зерттелген (Қирабаев 1974: 432).

Сәкентанушы Кәкішев Т. «Қызыл сұңқар» (Кәкішев 1968: 21–23) және «Сәкен жайындағы соңғы деректер» зерттеулерінде жазушының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық эволюциясы қарастырылады. Бұл еңбектерде Сейфуллиннің саяси көзқарастары мен шығармашылық мұрасын талдау ерекше орын алады. Сонымен қатар, зерттеулерде жазушының Кеңес дәуіріндегі ұстанымдары мен әдебиеттегі орны айқындалады (Кәкішев 2004:406).

Қамзабекұлы Д. «Руханият» еңбегінде Алаш қозғалысының өкілдерімен байланысы қарастырылған. Еңбекте Сейфуллиннің саяси және әдеби қызметі ұлттық идеялар тұрғысынан сараланып, оның шығармашылығындағы идеологиялық өзгерістер зерттеледі. Бұл зерттеу романның көркемдік ерекшеліктеріне және тарихи шындыққа қаншалықты сәйкес келетініне назар аударады (Қамзабекұлы 1997: 46).

Әбжанов Х. «Тарихшы» еңбегінде Сәкен Сейфуллиннің тұлғасы мен оның еңбектерінің тарихнамалық маңызы қарастырылады. Зерттеу барысында Сейфуллиннің қазақ әдебиетіндегі орны мен оның тарихи процестердегі рөлі талданады (Әбжанов 2023: 488)

Қабдолов З. «Сөз өнері» кітабында Сейфуллиннің шығармашылық стильдік ерекшеліктері мен оның қазақ әдебиетіндегі орны сипатталады. Сонымен қатар, еңбекте Сейфуллиннің шығармаларындағы көркемдік әдістер мен стильдік ерекшеліктер сараланады (Қабдолов 1983: 231).

Кәкішев Т., Ахмет К., «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» еңбегінде романның редакциялық өзгерістері мен цензура ықпалына ұшырағанын дәлелдейтін фактілер келтірілген. Еңбекте Кеңес үкіметі тұсындағы әдеби саясаттың Сейфуллин шығармашылығына тигізген ықпалы қарастырылады. Бұл еңбектер Сейфуллиннің еңбегін оның қазақ әдебиетіне, тарихына қосқан үлесін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді (Кәкішев, Ахмет 1997: 36–37).

Хюсейн Хилми Аладаг (Hüseyin Hilmi Aladağ) *Psychobiography of Historical Figures: Integration of Psychological Approaches in Historical Analyzes* (Тарихи тұлғалардың психобиографиясы: тарихи талдаулардағы психологиялық тәсілдерді біріктіру) мақаласында тарихи тұлғаларды психобиографиялық әдіспен зерттеудің маңыздылығын талқылайды. Автор тарихи тұлғалардың өмірін психологиялық теориялармен байланыстыра отырып, олардың жеке ерекшеліктерін түсінуге тырысады. Зерттеуде психобиография әдісінің рөлін сипаттайды. Психобиография тұлғаның өмір жолын, шешімдерін, көзқарастарын психологиялық теориялар негізінде түсіндіруге тырысады. Мақалада бұл тәсілдің тарихи зерттеулерге қосатын ғылыми үлесі, сондай-ақ классикалық биографиядан айырмашылығы көрсетіледі (Aladağ 2024: 1–52).

А. Мейірбеков «Хожа Ахмет Ясауидің топонимдік мұрасы» атты мақаласында Насабнама секілді шежірелік жазбалар мен басқа да бірінші дереккөздерге сүйене

отырып, Ясауидің нақты туған жылын анықтауға тырысады. Сонымен қатар, Ясауидің ұстазы ретінде белгілі Юсуф Хамадани жайлы деректерді салыстырып, Ясауиге ұстаздық еткені туралы көзқарастарды тарихи шындыққа сүйене отырып талдайды. Зерттеу барысында бейтарап баяндау әдісі, дереккөздермен салыстырмалы талдау, тұлғалық-факторлық әдіс қолданылған. Сондай-ақ Ясауидің ғылыми мұрасы, рухани шежіресі және библиографиясы жөнінде нақты тұжырымдар мен пайымдаулар жасалған (Meirbekov 2023: 287–297).

Нәтижелер

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романына талдау жүргізу арқылы бірнеше маңызды тұжырым жасалды: түпнұсқаның деректік маңызы: 1927 жылғы араб қарпінде жарық көрген алғашқы басылымда тарихи оқиғалар бейтарап әрі шынайы баяндалған. Қайта басылған нұсқада Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қатысты сыни көзқарас біршама күшейтіліп, мәтінге жаңа тараулар мен түзетулер енгізілген.

Кесте 1. «Тар жол, тайғақ кешу» романы мәтінінің тарихи кезеңдердегі трансформациясы
Table 1. Transformation of the Text of the Novel "Thorny Path" Across Historical Periods

Басылым жылы	Мәтіндік ерекшеліктер	Идеологиялық өзгерістер	Ерекше өзгертулер мен айырмашылықтар
1927 (түпнұсқа)	Тарихи оқиғалар бейтарап сипатталған	Кеңестік идеология ықпалы байқалмайды	Алаш қайраткерлері шынайы бейнеленген; Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы есімдері нақты аталған
1936	Латын қарпімен басылған, мәтін қайта өңделген	Алаш қайраткерлеріне қарсы сын күшейтілген	«Торғай қалыспады» тарауы қосылған; большевиктерге қарсы әрекеттер жайлы сын пікірлер қосылған; түпнұсқада жоқ сөйлемдер енген
1960	Кеңестік баспа стандарттарына сай өңделген	Таптық көзқарас басым	Мәтін едәуір қысқартылған; кейбір бейтарап сипаттар жойылған
1977	«1960 жылғы нұсқамен өзгеріссіз» деп көрсетілген	Кеңестік идеологияға сай келетін мәтін сақталған	Жаңа тараулар қосылған; мәтін толық сәйкес емес
1988	Кеңестік кезеңнің соңғы нұсқасы	Идеологиялық бейтараптық күшейе бастайды	Алдыңғы өзгерістер сақталғанымен, кейбір түзетулер енгізілген

Аударма (1964, 1975)	Орыс тіліне аударылған	Кеңестік көзқарас сақталған	Түпнұсқадағы кейбір сөздер (топонимдер, реалийлер) өзгертілген; суреттер алынып тасталған
----------------------------	---------------------------	--------------------------------	--

Бұл кестеде роман мәтінінің тарихи кезеңдердегі өзгеріске ұшырап отыруы көрсетілген. Сол кезде сөздер «байшылдар, феодалдар, Кеңес үкіметі жаулары» деп өзгертіледі. Шын мәнінде, Сәкен Сейфуллиннің түпнұсқалық басылымында Алашорда үкіметіне, не оның жетекші тұлғаларына тікелей теріс баға берілмеген. Керісінше, бастапқы мәтінде «Алашорданың зиялылары, ақ жағалылар, көк жағалылар, қазақтың оқығандары» тәрізді тұжырымдар арқылы белгілі бір бейтарап немесе сәл позитивтік сипаттағы қатынас көрініс тапқан.

Роман Сәкен Сейфуллиннің Омбы семинариясын тәмамдағаннан кейін Бұғылы өңіріне мұғалім болып баруынан басталып, Әулиеатаға келіп, Шу өңірінде кеңестік өкіметті орнату жолындағы саяси оқиғалармен аяқталады. Осы уақыт аралығында туындыда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, Азамат соғысы кезеңіндегі ақтар мен қызылдардың қақтығысы, түрлі саяси партиялардың қызметі, Ақмолада кеңестік биліктің орнауы мен құлауы, чех әскерлерінің көтерілісі, кеңес өкіметі мүшелерінің тұтқындалуы және автордың өзі куә болған абақтыдағы ауыр азаптары кеңінен суреттеледі.

Біздің назар аудартқымыз келген мәселе – Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының әр жылдары жарық көрген нұсқаларының мазмұндық айырмашылықтары мен тарихи шындықты жеткізуіндегі ерекшеліктері.

Түпнұсқада Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов туралы мәліметтер әділ сипатталған, оң бағаланған. Олар өздерінің ұлттық тәуелсіздік үшін күрескен және қазақ қоғамы үшін маңызды қызмет атқарған қайраткерлер ретінде көрсетіледі. Алашорда үкіметінің әрекеттері көбінесе ұлттық мүдде мен қазақ қоғамының даму жолындағы саналы қадамдар ретінде қарастырылады. «Тар жол, тайғақ кешу» романының негізгі желісі – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ даласында орын алған саяси өзгерістер мен тарихи бетбұрыстар. Мәселен, Уақытша үкіметтің (Г.Е. Львов, А.Ф. Керенский) құрылуы, Алаш көсемдерінің басшылығымен дүниеге келген «Алашорда» ұлттық автономиясының қалыптасуы, түрлі бағыттағы қоғамдық-саяси ұйымдардың пайда болуы тәрізді іргелі тарихи оқиғалардың бел ортасында жүрген С. Сейфуллин өзінің көзімен көргендерін, тікелей қатысқан үдерістерді кейінгі ұрпаққа аманат ету мақсатында қағаз бетіне түсіріп, бұл деректерді кең тынысты мемуарлық романына өзек еткен.

Ахмет Байтұрсыновтың 1919 жылғы мақаласында Алашорда үкіметінің құрылуы, оның мақсаттары мен кеңестік билікке қатысты ұстанымы жан-жақты баяндалады: «1917 жылғы 13 желтоқсанда Орынбор қаласында Жалпықазақ съезі шақырылып, Қазақ өлкесі (сол кездегі ресми атауы – Қырғыз өлкесі) автономия деп жарияланды. Сол съезде халық жасақтарын ұйымдастыру туралы шешім қабылданып, уақытша үкімет ретінде Алаш Орда атты билік органы құрылды. Бұл үкімет 15 мүшеден тұрды, төрағалыққа бүкіл қазақ жұртына танымал қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхан сайланды. Алаш Орда уақытша үкіметінің тұрақты мекені ретінде Семей қаласы белгіленді. Алаш

Орда үкіметінің мүшелері алғашқы отырысын Орынборда өткізіп, 1918 жылдың 10 қаңтарында Семейде қайта бас қосу туралы шешім қабылдады да, әрқайсысы өз өңіріне тарап кетті. Алайда белгіленген күні түрлі себептерге байланысты үкімет мүшелері Семейде жинала алмады. Осы аралықта Қазақ өлкесінің барлық дерлік қалаларында, соның ішінде Семейде де, билік кеңестік ұйымдардың қолына өтті. Кеңес билігіне енген кейбір тұлғалар, өздерін большевиктер ретінде таныстырып, Совет үкіметі атынан зорлық-зомбылық әрекеттерін жүзеге асырды» (Байтұрсынов 1919: 37). Яғни, ортадан киліккен арандатушылар халықты алдап, өз мүдделерін жүзеге асыруға тырысып, ұлтымыздың арасына іріткі салды. Кеңестік биліктің орталық пен шет аймақтардағы тәжірибесі екі түрлі болды. А. Байтұрсынов шеткері қазақ өлкелерінде кеңестік қозғалыстың зорлық-зомбылық, тонау, заңсыз жазалау секілді теріс формаларымен танылғанын баяндайды. Бұл кеңестік билікке сенімсіздік тудырған негізгі себептердің бірі. Қоғамдық – саяси дағдарыстың көрінісі болды. Осыған қарамастан зиялыларымыз ұлттық мүддені бәрінен жоғары қойды.

Алаш қозғалысы кеңестік жүйеде өзінің ұлтқа қызмет ету жолын табуға ұмтылды. А. Байтұрсынов кеңестік үкіметті қолдауда Алаш қайраткерлерінің стратегиялық тұрғыда дұрыс таңдау жасағанын айтады: «Мен шын жүректен айта аламын және өз жолдастарымды тыныштандыра аламын: біз Колчак үкіметінен гөрі Совет үкіметін таңдауда қателеспедік», – деп жазады. Совет үкіметі ресми түрде «Ресей халықтарының өзін-өзі билеу құқығы» туралы декларация қабылдаған соң, Алаш қайраткерлері бұл мүмкіндікті пайдаланып, автономия алуға ұмтылады. Бұл – дипломатиялық ұстаным. А. Байтұрсынов шет аймақтардағы жалған большевиктер мен орталықтағы большевиктердің арасында айырмашылықты өз көзімен көргенін жазады. Алаш зиялыларының Совет билігіне деген ұстанымының көрінісі, терең ойластырылған саяси таңдауы өз халқы үшін ең дұрыс жолды таңдағанын дәлелдеуге тырысады, бұл – ұлт тағдыры таразыға түскен шақтағы жауапкершіліктің көрінісі. Идеологиялық ұстанымдары, олардың ұлттық сана мен тәуелсіздікті қорғауға арналған саяси бағдарламалары басылымда ескерілген. Әсіресе, Ә. Бөкейханның қазақ ұлтының болашағын кеңес үкіметіне тәуелді болмай дамыту идеясын ұстануы романның негізінде көрсетілген.

Сәкен Сейфуллиннің саяси көзқарасы «Октябрь һәм ұлт мәселесі» мақаласында айқын көрінеді. Кеңес үкіметінің орнауы мен Коммунист партиясының мақсаттарын қарапайым әрі насихат түрінде түсіндіреді. Бұл оқиғаны революциялық тұрғыдан қолдай отырып, жұмысшы және кедей таптың билікке келуін тарихи әділеттілік ретінде сипаттайды. Коммунист партиясы ұлттық емес, таптық партия ретінде сипатталады. Ол – жұмысшы мен кедей табының мүддесін қорғайтын ұйым. Интернационалистік идеялар: партия барлық ұлттардың, діндердің өкілдерін тең көреді. «Орыс, қазақ, жебірей, кәпір» деп бөлінуді ескі патшалық, феодалдық идеологияның қалдығы ретінде сынайды. Мақсаты – жер бетінде теңдік, бостандық, туыстық орнату. Байлар мен мырзалардың бұған қарсы болуы – өз мүдделерін қорғаудан туындайтынын ашық көрсетеді. Әр ұлттың тілі мен мәдениетіне сай автономия алуын оң бағалайды. Бұл – қатардан қалмас үшін, өз тілі мен тұрмысын сақтап, білім мен мәдениетке ұмтылу жолы. Автономия беру – Коммунист партиясының ұлт мәселесін шешудегі жұмсақ жолы деп түсіндіріледі. «Автономия беріп, неге ішкі істерге араласады?» деген сынға коммунизмнің түпкі мақсатына қарсы

шығу деп жауап береді. Сәкен Сейфуллин Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің саясатын барынша қолдап, оның интернационалдық, теңдікке негізделген сипатына сенді. Ұлттық автономияны қолдау арқылы ұлттар достығын нығайту идеясын алға шығарды.

«Тар жол, тайғақ кешу» романының 1936 жылдан бастап шыққан нұсқаларда мәтінге елеулі идеологиялық өңдеулер енгізілген. Алаш қайраткерлеріне қарсы сын күшейтіліп, жаңа тараулар қосылған. Кеңестік таптық көзқарас пен саяси сипаттағы терминдермен мәтін байытылған. Ә. Бөкейханның Семейге келуі тарауы толығымен алынып тасталған. Мәтіндік айырмашылықтар: Әр басылымда сөздік және стилистикалық өзгерістер бар. Кей тараулар түпнұсқада мүлде болмаған, мысалы «Торғай қалыспады» бөлімі тек 1936 жылғы нұсқада пайда болған. Идеологиялық редакцияның салдары: Романның тарихи шынайылығы кейінгі редакцияларда бұрмаланған. Кеңес үкіметі кезеңінде идеологияға бейімдеу әдеби мұраның мазмұны мен құрылымына елеулі әсер еткен.

Зерттеу Сәкен Сейфуллиннің бастапқы авторлық ұстанымдарының әділ әрі сындарлы болғанын дәлелдейді. Нәтижесінде оның саяси бейтараптық ұстанғаны белгілі болды. Романның ғылыми маңызы: «Тар жол, тайғақ кешу» тек көркем шығарма емес, XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының саяси-әлеуметтік бейнесін ғылыми негізде ашатын құнды дереккөз болып табылатындығында. С.Сейфуллиннің мемуары тарихи дерек ретінде қарастырылып, деректану мен текстология шегінде талданды. Әр жылдардағы басылымдардың айырмашылықтары зерттеліп, кеңестік цензура мен идеологиялық өңдеулердің ықпалы анықталған.

С. Сейфуллиннің қазақ елінің мемлекеттік құрылымын қалыптастыру және ұлттық бірегейлікті нығайту жолындағы қызметі аса маңызды тарихи рөл атқарды. 1922 жылы үкімет басына келген тұста ол бірқатар Алаш өкілдерін мемлекеттік қызметке тартты. Бұл – кеңестік кезеңнің бастапқы жылдарындағы ерекше саяси қадамдардың бірі болды. Сейфуллиннің басшылығымен Халық Комиссарлар Кеңесінің мәжілісінде (1924 жылғы 5 қыркүйек, Орынбор) араб графикасындағы жазу емлесін жетілдіру мәселесі күн тәртібіне қойылып, А. Байтұрсыновқа әліпбиді реформалау жөнінде баяндама жасату арқылы оны мемлекеттік деңгейде бекітуге қол жеткізілді. Алаш зиялылары жасаған әліпбиге негізделген емле қаулымен бекітілді. Бұл өз кезегінде Алаш зиялылары әзірлеген әліпбидің мемлекеттік деңгейде қабылдануына жол ашты. Нәтижесінде, жаңа емле ережелері тиісті қаулымен бекітілді. Аталған қаулы және оған қатысты құжаттармен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының 30-қорымен жұмыс жасалды¹.

Сәкен Сейфуллин кеңсе ісін қазақ тілінде жүргізу мәселесін де алғашқылардың бірі болып көтерді. Сонымен қатар, ол ұлттың тарихи атауын қалпына келтіру жолында да белсенді қызмет етті. Бұл бағыттағы маңызды қадамдарының бірі – «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласы. Аталған мақала 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланып, онда «қырғыз» атауының орнына тарихи «қазақ» этнонимін ресми түрде қайтару қажеттігі ашық көтерілді. Осы бастама ұлттық сананы ояту мен отарлық мұрадан арылу жолындағы идеялық күрестің көрінісі болды. Бұл тарихи үдеріс қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтпағаны анық.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылы наурызда Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде бұл мәселеге арнайы

тоқталып: «Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылды. Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз. Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы – тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс», – деп атап көрсетті (Тоқаев 2025).

Осылайша, Сәкен Сейфуллиннің Алаш қайраткерлерімен бірлесе отырып атқарған мемлекеттік және мәдени-ағартушылық қызметі қазақ халқының тарихи атауын, тілін және төл жазуын қайта жаңғырту жолындағы шешуші кезеңге айналды.

Жалпы, бұл роман тарихынан пәнаралық негізінде тарихи және әдеби тұрғыдан қайта зерделеуге бағытталған екендігіне көз жеткіземіз. Сонымен қатар, шығармашылық тұлғаны көрсетудің тағы бір тәсілі жекелеген диалогтарды және белгілі бір кезеңдегі қайраткер тұлғаның атқарған қызметін, іс-әрекеттерін, басқалармен қарым-қатынасын, тұрмыс-тіршілігін, шығармашылық жолын, жалпы айтқанда өмір өткелдерін, көңіл-күйін, көбіне, өз атынан бірінші жақта баяндасақ, қайсыбір жағдайда айналадағы араласқан адамдардың арақатынастары арқылы да ғылыми талдаулар кешені қарастырылады.

Деректік және публицистикалық тұрғыдан роман бұрмаланған. Кейінгі жылдардағы қайта басылымдары кеңес үкіметінің саяси жағдайына сәйкес жүйелі түрде өзгертілген. Бұл өзгерістер кеңестік идеологияның тарихты біржақты ұсыну саясатының айғағы.

Талқылау

Әр халық тарих бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Негізіне сүйенбеген халық ұзаққа бармайды. Еліміз бәсекеге қабілетті дамыған отыз елдің қатарына қосылуда рухани байлығымыздың үлесін молайтуымыз қажет. Бәсекеге қабілетті болу тек экономикалық тұрғыда емес, рухани толысу яғни, ұлтымыздың сан ғасырлық тарихы, мәдениеті, әдебиеті, барлық құндылықтарымыз бойымыздан табылу қажет. Қашан да рухани өскен халық, өзінің өткен тарихын, өнерін, мәдениеті мен әдебиетін, өсу, даму жолын білуге ұмтылады. Ұлттық сөз өнерінің азаматтық бейнесімен, қайраткерлік, қаламгерлік тұлғасымен ұлт руханиятына қосқан туындыларымен, жанр ерекшеліктерімен, халық жүрегінен жол тапқан, мұралары мәңгілік құндылықтар қатарынан табылатын дарындарды сөз еткенде ең алдымен – қазақ халқының әдебиеті мен мәдениеті үшін ұланғайыр еңбек сіңірген, қазақ әдебиетінің де, қазақ кеңес әдебиетінің де негізін қалаушылар, бір жылда өмірге келіп, бір бір жылда кеткен халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Сәкен, Илияс, Бейімбет есімдері ойға оралады. Сәкен Сейфуллин – тағдыры ерте қиылғанмен халқына мол мұра қалдырған тұлға. Оның қаламынан түрлі жанрда тамаша туындылар шықты. Өзіндік стилі, өзіндік ерекшелігі бар қаламгер шығармалары жан-жақты терең зерттеуді қажет етеді. Қазақ әдебиетінің іргесін қалап қана қоймай, оны өрге сүйреген қаламгердің Қазан төңкерісіне дейін ауыз әдебиеті ғана дамыған қазақ сахарасында поэзияның, драматургияның, прозаның тамаша туындыларын дүниеге келуіне өзіндік үлес қосқанын әдебиет тарихы жоққа шығармайды. Қазақ кеңес әдебиетіне көшбасы болу үшін, жаңа бағытты қабылдайтын

жас шығармашылық күштерді өсіріп, олардың идеялық-көркемдік, ынтымақ-бірлігін күшейту шарт. Сәкен Сейфуллин ең алдымен өзінің өмір сүрген дәуірін жырлап, оны қастерлеудің оңтайлы жолдарын таба білген жаңашыл ұлы ақын. Қоғам, әлеумет істерімен өзінің шығармашылық өнерпаздығын тауып қабыстыра білген қайраткер. Бүгінгі өмір шындығы, кезең тудырған келелі мәселелер оның ақындық жанырынан сырт қалмай, үнемі көркем сөз өрнегінен көрініс беріп отырады.

Белгілі сәкентанушы ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы «...Сәкен өзінің қарақан басының бақ-дәрежесі үшін емес, елді өркендету қамында жүрген артық-кем сілтегені аз емес, әсіресе таптық позиция, лениндік идея, кедей теңдігі дегенге имандай сеніп, ойланбай өрекіпген тұсы да бар», – деп, өз естелігінде жазған. Сәкен Сейфуллиннің адамдық асыл қасиетін тағы да бір дәлелдеген болатын. Міне, осы қасиеттер Сәкенді басқа қайраткерлерден даралап, тарих бетінен жарқырап көрінуіне мүмкіндіктер береді. Сондықтан да Сәкеннің ұлттық әдебиет тарихында алатын орны мен рөлі ақынның тек жаңа кезеңдегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы болғанымен өлшенбейді, оның үстіне үлкен суреткерлік күшімен, жаңашыл туындыларымен, асқақ талантымен айқындалады. Біздің байқауымызша, ақын поэзиясы өзіндік поэтик образдарға бай. Ол қазақ тілінен небір шұрайлы сөздерін қолдана біледі. Соған қарағанда, ақын халқының тіл байлығын жете меңгерген нағыз қас шебердің өзі. Әсіресе, халықтық әсірелеулер, ауыстырулар, салыстырулар, балама сөздердің небір айқындары, анықтағыштары жиі ұшырайды. Зерттеу барысында Сәкен Сейфуллин шығармашылығының тарихи тереңділігі, ғылыми ұстанымдарының ерекшелігі, философиялық ой тереңдігі өте терең екендігін көрінеді. Академик З. Қабдоловтың: «Сөз өнері» атты монографиясында: «Әдебиеттегі тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт-жұлтта, күлді-қадам болуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымдылығында, нақтылығы мен тазалығында жатады», – деп көрсеткен (Қабдолов 1983: 231). Бұл айтылған пікір біздің зерттеу нысанымызға да дәл келеді. Өзінің бүкіл саналы өмірін, барлық шығармашылық еңбектерін қазан төңкерісінің ұлы істеріне арнаған жалынды революционер, көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы ретінде танылған Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы арқылы өзінің өміріндегі орнын, басындағы трагедиясын байланыстыру арқылы, сол кездегі қазақ қоғамындағы орын алған әміршіл-әкімшіл кезеңнің қилы тағдырынан да хабар бергендігін көреміз.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, 1927 жылғы түпнұсқа негізінен тарихи мағлұмат ретінде, естелік-мемуарлық сипатта жазылған. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы – күрделі құбылыс. Шығармадан шығармаға арқау болған оқиға, кейіпкер, суреттеу, баяндау яғни оның тілі, кейіпкерді «сөйлету» мен авторлық «әңгімелеудің» түрлі амал-тәсілдері бар. Шығарманың шынайылығын да, көркемділігін де көрсететін – оның тілі. Дауылпаз тұлға Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы да осы тұрғыдан бағаланатындығын айтпақпыз. Автордың аталмыш еңбегінде 1916 жылдан 1920–жылдардың басына дейінгі оқиғалар баяндалып, одан әрі социалистік реализм шеңберіндегі идеологиялық көзқарастары көрініс таппаған. Дей, тұрсақ та, қазақ халқының үш ғасырлық азаттығы мен мемлекетін құрудағы ең ауқымды, ұлттың санасын оятып, өлмейтін рухын қалыптастырған, қазақтың ұлттық мәселесін халықаралық саяси аренаға шығарған интеллектуальдық күрес – ол осы Сәкен Сейфуллиндей Алаш азаматтарының өлмейтін рухын қалыптастырған «Тар жол, тайғақ кешуі» болса, Мыржақып Дулатовтың «Оян,

қазағынан» бастап, Мағжан Жұмабаевтың, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты... Мен жастарға сенемін!» деген ұрандары қазақ даласына нұр болып төгіліп, қаймана қазақ даласын дүр сілкіндіріп, оятып, болашаққа сенетін біртұтас ұлт қылып кеткендігін айтпақпыз. Тарих қойнауына тереңдеп, өткен ғасырларға көз жүгіртсек, ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздік жолындағы тар жол тайғақ кешуге толы тағдырларды байқаймыз. Толғауы терең тәуелсіздікке қол жеткізу жолында Алаш қайраткерлерінің үлесі мол болғандығын тарихтың өзі дәлелдеген болатын.

XX ғасыр басындағы интеллигенция тәуелсіздікке, ұлттық мүддені қорғай білуге, салтымыз мен дәстүрімізді сақтап қалуға деген ұмтылысы олардың публицистикалық мақалаларында ерекше көрініс тапты. Ұлт мүддесін қорғаған біртуар ардақтыларымыз: Ә. Бөкейхан, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасұлы, І. Жансүгіров, Б. Майлиндердің еңбектері қызметкер тұлғаны емес, қайраткер тұлғаны қалыптастырғандығы еш дәлелдеуді қажет етпейді. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің күрделі әрі дау тудырған мәселелерінің бірі – Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романы болып табылады. Аталған туынды өз дәуірінің қоғамдық-саяси ахуалын көркем тәсілмен шежірелеген, тарихи деректерге сүйене отырып жазылған мемуарлық шығарма ретінде ерекшеленеді. Романның жанрлық табиғаты – тарихи оқиғалардың нақты сипатталып, сонымен қатар көркемдік құралдармен өрілуінде жатыр. Шығармада басты кейіпкер – автордың өзі, Сәкен Сейфуллиннің тұлғасы алдыңғы қатарға шығарылады. «Тар жол, тайғақ кешу» романының алғашқы тараулары 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жарық көрген. Автордың өзі бұл шығарма жайлы: «Менің кітаптарымның кемшілігін Маркс айтқандай, өзім де тым жақсы білем. Қанша кемшіліктері болғанмен, еңбекші, жұмыскер таптың оқуына жараса, еңбегімнің еш болмағаны. «Дұшпанның жаны шыға жамандағанынан сөзімнің тәуір шыққандығын білдім», – деп Калинин айтқандай, кейбір әуре «білімпаздардың» талақша тарсия жамандағандарынан кітабым тәуірлеу жазылған-ау деген қорытынды жасадым», – деп жазған болатын (Сейфуллин 1960: 483).

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық болмысына аса жоғары баға берген қаламгер Ғабит Мүсірепов ол туралы: «Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған. Сәкен – қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді», – деп атап көрсеткен (Сейфуллин 1977: 401).

Аталған туындының тарихи маңыздылығы мен деректік құндылығы жайында сәкентанушы ғалымдар Тұрсынбек Кәкішұлы мен Күләш Садыққызы тарапынан жан-жақты зерттеулер жүргізіліп, арнайы ғылыми еңбектер жазылды. Осы орайда профессор Т. Кәкішұлының «Тар жол, тайғақ кешу» романына ол былай деп баға берді: «XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың энциклопедиялық анықтамасы болған роман-эссенің тарих пен әдебиеттің бел қайыстырар ауыр жүгін қосарлай арқалауы, құйынды да дауылды, шапағатты да қасіретті кезеңнің шежіресін жасап беруі Сәкен үшін ғана емес, бүкіл әдебиетіміз үшін орасан олжа. Өйткені ұлтымыздың тағдыры тәлкекке түскен 1916 жыл зобалаңының, 1917 жыл елді қаңсыратқан төңкерістің басы-қасында қазақтың ойы толғамды, тілі өткір, қаламы жүйрік сөз зергерлері аз болған жоқ. Алайда солардың ішінен шыңға шыққан шынардай тек Сәкеннің ғана «Тар жол, тайғақ кешуді» жазуы, бір жағынан – уақыт талабы болса, екінші жағынан – автордың

қаһарман батылдығын, ұрпақ алдындағы адалдығын, әлеуметтік парызын мықтап сезгенін аңғартатыны сөзсіз» (Кәкішев және т.б. 1997: 36–37). Осы пікір негізінде төмендегідей тұжырым жасауға болады: Сәкен Сейфуллиннің аталмыш мемуарлық романы – «Алашорда» ұлттық-территориялық автономиясының құрылуы мен оның тарихи-идеялық бағдарын баяндаған алғашқы көркем-тарихи. Бұл шығарма тек көркем әдебиет шеңберінде ғана қалмай, ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының саяси-тарихи келбетін, сол кезеңдегі маңызды үдерістерді, ұлттық қозғалыстардың өрісін нақты деректер негізінде көрсетуімен ерекшеленеді. К.Ахмет: «Өмірдің талай тар жол, тайғақ кешулерінде» Сәкен Сейфуллин «Алаш» азаматтарының ешқайсысын да жамандыққа қиған емес. Сотына қатысқан емес. Бұған оның «Тар жол, тайғақ кешу» романы (1927), сәкентанушы ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері нақты дәлел бола алмақ. Қаншама жан түршігерлік азапты бастан өткерген Сәкен еш уақытта ешкімді ашық та, бұғып та көрсетпеген», – деп зобалаң жылдардың ақиқатын айтады (Сейфуллин 2003: 209–210).

Жазушы туындыда тек тарихи фактологиямен шектелмей, заманауи саяси, әлеуметтік ахуалдарға да тоқталып, қазақ қоғамының тұрмыстық-этнографиялық ерекшеліктерін де кеңінен сипаттайды. Аталған шығарма сол кезеңде–ақ жеке кітап ретінде жарық көріп, кеңес оқырманына жол тартқан. Алайда 1937 жылғы саяси қуғын–сүргін жылдары басталғаннан кейін Сейфуллиннің шығармашылығы, оның ішінде «Тар жол, тайғақ кешу» романына қатысты да әртүрлі, кейде қарама–қайшы пікірлер туындай бастады. НКВД–ның зұлмат жылдарындағы жаппай қуғындауы нәтижесінде Сәкен Сейфуллин де, оның замандастары – Алаш ардақтылары да жазықсыз жазаға ұшырап, өмір жолы аяқталды. Осыған байланысты Сейфуллиннің өмірлік ұстанымы, саяси көзқарасы мен шығармашылық мұрасы төңірегінде түрлі пікірталастар бүгінгі күні де жалғасын табуда (Кәкішев 2004: 406). Бүгінгі ұрпақтың кешегіні білуі, бағалауы ұлтымыздың болашағы үшін қажет. Соның ішінде, халқымыздың рухани өміріндегі ең қасиетті мол қазына алаш арыстарының мұралары. Академик, алаштанушы ғалым ағамыз: Д.Қамзабекұлының атап көрсеткен: «...Алаш рухын насихаттау сол зиялылар секілді тәуелсіз ойлауға, кез–келген нәрсені салмақтап, оған ұлт мүддесі тұрғысынан баға беруге үйрену» (Қамзабекұлы 1997: 62).

ХХ ғасыр – қоғам өміріндегі аса күрделі қоғамдық–саяси өзгерістер мен рухани метаморфозалар ғасыры ретінде ерекшеленеді. Бұл кезеңде тарихи ұлттық сана серпінді даму жолына түсіп, қайта жаңғыру үдерісі айқын байқалды. Алаш қозғалысы жетекшілерінің қоғамдық ой–санада жүзеге асырған реформаторлық әрекеттері ұлттық әдебиеттің жаңа бағыттарын айқындап, оның түбегейлі стратегиялық бағдарын белгілегендей болды. Аталған кезеңде қазақ қоғамында жаңа үлгідегі қаламгерлер шоғыры, саяси және мәдени элита қалыптасты. Саяси күрес пен ұлттық мүдде мәселесі алдыңғы орынға шығып, әдеби шығармашылықтың да әлеуметтік жауапкершілігі арта түсті. Сонымен қатар, қоғамдық қатынастардың қарқынды жаңғыруы, баспа ісінің институционалды сипат алуымен бірге, әдеби процестегі көркемдік–жанрлық ізденістер мен түрленулер эстетикалық таным көкжиегінің кеңеюіне әсер етті. Осы тарихи кезеңде кәсіби әдебиетке тән жанрлардың барлығы дерлік әртүрлі деңгейде дамыды. Әдеби сын, әдебиеттану ғылымы, прозаның кең тынысты жанрлары, көркем аударма мен драматургия салаларында елеулі жаңалықтар орын алып, бұл бағыттардың барлығы

жедел даму сипатын көрсетті. Кеңестік кезеңдегі ұлттық әдебиетке революциялық мазмұн, жаңа идеялық нысана, қоғамдық прогресті ұлықтаған тың мазмұн енді. Осы арқылы замана жазушыларының туындылары қазақ халқының рухани қазынасын молайтып, көркемдік ойлау мен әдеби таным деңгейін жаңа биікке көтерді.

Сәкен Сейфуллиннің еңбегінің бір саласы қазақ әдебиетіндегі сын жанрының өркендеуімен, әсіресе әдебиеттану ғылымының қанат қағып, даму кезеңімен тұстас келетіндігін ұмытпаған абзал. Сондықтан сол кезеңнің үстем ой – пікірінің ақынға ықпал жасағанын, екінші жағынан автор өзінің сыни – ғылыми еңбектерімен сол ой – пікірлерге серке болғанын аңғармасақтағы да болмайды. Өйткені әдеби – ғылыми шығармашылықтың бірде бір саласы Сәкен Сейфуллинсіз өтпегенін М. Ғабдуллин айрықша атап көрсеткен. Кейін қайта басылғанда романға неге өзгерістер енгізіліп, редакцияланды (Сейфуллин 2009: 432). Мысал ретінде, текстологиялық салыстыру кезінде ерекше көзге түскен кейбір мәтіндік айырмашылықтарды айтуға болады.

«Совет үкіметі заманында» бөлімінде:

Түпнұсқада: «...Оқыған мырзалар, оқып жүрген мырза болам деушілер Бөкейханның жолын тосып қарсы алды»... (Сейфуллин 1927: 4–5).

1977 жылғы нұсқасында: «...Оқыған ұлтшыл мырзалар, оқып жүрген мырзалар болам деушілер бай ниетті «ұлдары» Бөкейханның жолын тосып қарсы алды...Омбыда, Семейде Бөкейхановты Әлекеңді байшыл–ұлтшылдар сәжделер Құдайдан сұрап алған жалғыздай құттықтады құрметтеп жатты...». Сөйлем түпкілікті өзгерген және мағынасына да айтарлықтай нұқсан келген.

«Жырақ күншығыс жайы» бөлімінде, 1927 жылғы нұсқасы:

«...Міне, Семейдегі Алашорданың орталық үкіметінің бітірген жұмыстары осындай болған. Осындай қылықтарынан Семейдегі Алашорданың орталық үкіметін және земствасын жұрт – «Тобықтының Алашордасы», Тобықтының земствосы деген кездері болған..».

1936 жылғы нұсқасы:

«...Осындай қылықтарынан Семейдегі «Алашорданың орталық үкіметін» және Земствосын жұрт «Тобықтының Алашордасы», «Тобықтының Земствосы» деген кездері де болған.

«Алаш орда» үкіметінің ең мықты болған ісі большевикке Совдепке ерген қазақтарды құрту әрекеті болды. Одан басқа істе «Алаш орданың» әрекеті ескі былыс, діншіл иқсан, патшаның оязнайылардың әрекетіндей болды... ».

«Совет үшін күресте» бөлімінде: 1977 жылғы нұсқасы:

«...Совет үкіметі күшейген сайын біздің «Алашорда» тәрізді байшыл автономиялар қуыршақтай домалай бастады...» – деген жолдар түпнұсқада мүлдем жоқ (Сейфуллин 1977: 108). Тіпті, орыс тіліне аударылған екі нұсқасында да текстологиялық өзгешеліктер кездесті. Орыс тіліне 1964 жылы аударылып, басылыпты. Аударған С. Талжанов, И. Щеголихина, 1975 жылы қайта шыққан (Алматы, Жазушы баспасы).

Атап кетсек, «...Ала–куль – Ала–кол, Канжигалы – Канжыгалы, Ащи–куль – ащы–кол, ой–бой – ойбой...» деп өзгертіліп жазылған. Түпнұсқадағы суреттердің барлығы алынып тасталған. 1936 жылғы нұсқада жазылған «Торғай қалыспады» деген бөлім түпнұсқада мүлдем жоқ.

1936 жылғы «Совет үкіметі заманында» бөлімінде:

«Бірақ «Алаш» өзінің бұл құрғақ жобасын да іс жүзінде қолданған жоқ, іс жүзінде колчак ағасының тәртіптерін қолданды...» деген жолдары да түпнұсқада жоқ (Сейфуллин 1936: 5).

Кітаптың төртінші басылымында, яғни 1977 жылғы қайта басылған нұсқасында: «1960 жылғы Қазақтың мемлекеттік баспасынан шыққан нұсқа бойынша өзгеріссіз басылды» деген сөз бар. Енді 1960 жылғы үшінші басылымға қарасаңыз мүлдем сәйкес келмейді, тіпті жаңа тараулар қосылған. Мұндай текстологиялық салыстырулар тек көркем мәтінге ғана емес, тұтас тарихи-мәдени санаға да жасалған қысымды ашып көрсетеді. Сондықтан түпнұсқамен жұмыс – тарих пен әдебиеттің шынайы бейнесін қалпына келтірудің басты жолы.

Қорытынды

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы – қазақ әдебиеті мен тарихының маңызды мұрасы болып табылады. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасы Қазақстан тарихындағы шешуші кезеңдерге – патшалық биліктің құлауы, Уақытша үкіметтің орнауы, Алаш қозғалысы мен большевиктердің билікке келуіне қатысты маңызды дерек береді. Шығармада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен бастап 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі оқиғалар шынайы кейіпкерлер мен авторлық бақылау арқылы баяндалған. Бұл – мемуар жанрының табиғи ерекшелігі.

Саяси ұстанымы мен кеңестік билікке сенімі оның тарихи оқиғаларды түсіндіруінде шешуші рөл атқарады. Дегенмен, шығарманың алғашқы нұсқаларында кеңестік идеологиямен келіспейтін деректердің кездесуі оның бастапқыда тарихи шындыққа барынша жақын болғанын көрсетеді. Кейінгі редакциялардың бұл деректерді қысқартуы – кеңестік цензураның нақты көрінісі. Осы тұрғыдан қарағанда, шығарма тарихи дерек ретіндегі өзектілігін сақтап қана қоймай, сол кезеңнің саяси-идеологиялық ахуалын да бейнелейді.

Бұл шығарманың жазылу тарихы мен әртүрлі басылымдарындағы өзгерістер тек әдебиеттану үшін ғана емес, Қазақстанның ХХ ғасыр басындағы саяси және әлеуметтік үдерістерін зерттеу тұрғысынан да аса құнды дереккөз болып табылады. Романның түпнұсқасы мен кейінгі басылымдарына енгізілген идеологиялық өңдеулер қазақ әдебиетінің және Кеңес дәуірінің саясатын айқын көрсетеді. Тарихи шындықты шығармасында бейнелеу жолында Сәкен Сейфуллин өз дәуірінің маңызды оқиғаларына куәгер болып, сол кездегі қоғамдық-саяси ахуалды терең түсіністікпен сипаттауға тырысты. Оның «Тар жол, тайғақ кешу» романы 1916–1919 жылдар аралығындағы ұлт-азаттық қозғалыстары мен революциялық өзгерістерді жан-жақты қамтып, сол уақыттың басты саяси-әлеуметтік мәселелерін көрсетті. Бұл шығарма Кеңес үкіметі тұсында тарихи оқиғалар мен тұлғалардың бейнесін қайта жазудың идеологиялық қысымымен бірнеше рет өңдеуге ұшырады. Шығарманың бастапқы тарихи және идеологиялық бағытын өзгертуге бағытталды.

Шығармадағы түзетулер, сондай-ақ Кеңес үкіметінің саяси тұжырымдарына сәйкес жүргізілген өңдеулер кеңестік цензураның ықпалының айқын дәлелі болып табылады.

Сәкен Сейфуллиннің әдеби мәдениеті мен қоғамдық көзқарасы тек кеңес әдебиетінің

тұрғысынан ғана емес, ұлт тарихы қалыптасу кезеңінде маңызды орын алады. «Тар жол, тайғақ кешу» романының тарихи дереккөз ретіндегі маңызы зор. Ол қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік жағдайы туралы көптеген маңызды мәліметтер береді. Бұл шығармада кеңес кезеңіндегі тарихи-идеологиялық өзгерістердің әсерін терең түсініп, әртүрлі басылымдар арасындағы айырмашылықтарды салыстыру арқылы Сәкен Сейфуллиннің тарихи шындыққа деген көзқарасын объективті тұрғыда қайта бағалауға мүмкіндік бар.

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы әдебиеттану мен тарих ғылымының қиылысында тұрған маңызды туынды болып табылады. Оның мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері автордың қоғамдық және саяси көзқарастарын ашып көрсетеді, сондай-ақ кеңестік кезеңнің әдеби және саяси процестерін зерттеуде жаңа түсініктер қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы шығармада баяндалған тарихи кезеңді қорыта келе, мынадай тұжырым айтуға болады: Алаш ұстанымы ұлттық автономия құру болды. С.Сейфуллин кеңестік ұстаным шеңберінде қазақ халқының теңдігін көздеді. Екі жаққа да ортақ құндылық – қазақ халқын азат ету, жаппай білім беріп, сауаттандыру, модернизация еді.

Acknowledgements

We extend our sincere gratitude to the Director of the Saken Seifullin Museum, Doctor of Historical Sciences M.O. Absemet, for his support in the course of this research. We also express our heartfelt thanks to the professors of the Department of History of Kazakhstan at L. N. Gumilyov Eurasian National University – Z.O. Dukenbayeva, M. Alpysbes, G.K. Zhapekova, and S.I. Kovalskaya – for their valuable insights and consultations on the study of Seifullin's legacy. Our appreciation goes to all colleagues and researchers who shared their suggestions and observations, as well as to the staff of libraries and archives for providing essential materials. We are also grateful to the editorial team of the journal for their technical guidance and advice. The contribution of all those who supported this work has played a significant role in enhancing the quality of our research.

Алғыс

Осы зерттеу жұмысының жүргізілуіне қолдау көрсеткен Сәкен Сейфуллин музейінің басшысы, тарих ғылымының докторы М.О. Әбсеметке, тұлғатану бойынша құнды пікірлерімен кеңес берген Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессорлары: З.О. Дүкенбаеваға, М. Алпысбес, Г.К. Жапековаға, С.И. Ковальскаяға, барлық әріптестерімізге, ұсыныстарымен бөліскен зерттеушілерге алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ, қажетті материалдарды ұсынған кітапханалар мен архив қызметкерлеріне ерекше ризашылығымызды білдіреміз. Журнал редакциясына техникалық жағынан берген кеңестеріне алғыс білдіреміз. Бұл жұмысқа көмектескен барлық тұлғалардың үлесі біздің зерттеуіміздің сапасын арттыруға үлкен септігін тигізді.

Благодарность

Выражаем искреннюю признательность директору музея имени Сакена Сейфуллина, доктору исторических наук М.О. Абсемет за поддержку, оказанную в проведении данного исследования. Особую благодарность также хотим выразить профессорам кафедры истории Казахстана Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва – З. О. Дукенбаевой, М. Алпысбесу, Г. К. Жапековой, С. И. Ковальской – за ценные советы и размышления, касающиеся личности Сакена Сейфуллина. Благодарим всех наших коллег и исследователей, поделившихся своими рекомендациями и наблюдениями, а также сотрудников библиотек и архивов за предоставленные материалы. Редакции журнала выражаем признательность за техническую помощь и методические рекомендации. Вклад всех, кто оказал содействие в реализации этой работы, сыграл важную роль в повышении качества нашего исследования.

Қосымша

1. Заседания Совета Народных Комиссаров КССР от 5 сентября 1924 года, г. Оренбург. Протокол № 32. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 30 қ. 309 іс. 1п. 10 б.

Әдебиеттер тізімі

- Aladağ H. Tarihî Figürlerin Psikobiyografisi: Tarihî Analizlerde Psikolojik Yaklaşımların Entegrasyonu. *Vakanüvis – Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi*. 2024. No.1, pp.1-52. <https://doi.org/10.24186/vakanuvis.1415401>
- Meirbekov A. Toponymic Heritage of Khoja Ahmed Yasawi. *Journal of Turkish Culture and Haji Bektash Veli Research*. 2023. No.105, pp.287-297. <https://doi.org/10.34189/hbv.105.012>
- Әбжанов Х. *Тарихшы*. Алматы: Алгоритм. 2023. 488 б.
- Байтурсунов А. Революция и казахи. *Жизнь национальностей*. 1919. No.8, 37 с.
- Данилевский И.Н. *Историческая текстология*. Москва: Издательский дом Высшей школы экономики. 2018. 556 с.
- Кәкішев Т. *Қызыл сұңқар*. Алматы: Қазақстан. 1968. 288 б.
- Кәкішев Т. *Сахара сұңқары*. Алматы: Қазығұрт. 2004. 406 б.
- Кәкішев Т. Сәкен жайындағы соңғы деректер. *Қазақ әдебиеті*. 1991. No.4, 6-7 бб.
- Кәкішев Т., Ахмет К. *Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры: Көмекші оқу құралы*. Алматы: Санат. 1997. 224 б.
- Қабдолов З. *Сөз өнері*. Алматы: Мектеп. 1983. 231 б.
- Қамзабекұлы Д. *Руханият: Мақалалар мен зерттеулер*. Алматы: Білім. 1997. 272 б.
- Қирабаев С. *Сәкен Сейфуллин*. Алматы: Жазушы. 1974. 432 б.
- Қозыбаев М. *Өркениет және ұлт*. Алматы: Сөздік – Словарь. 2001. 368 б.
- Репина Л., Зверева В., Парамонова Т. *История исторического знания*. Москва: Юрайт. 2012. 370 с.
- Сейфуллин С. *Тар жол, тайғақ кешу туралы*. Әдебиет майданы. 1929. No.7.
- Сейфуллин С. *Тар жол, тайғақ кешу (араб графикасы)*. Қызылорда: Қазақ ССР мемлекеттік баспасы. 1927. 421 б.
- Сейфуллин С. *Тар жол, тайғақ кешу (латын графикасы)*. Алматы: Қазақстан көркем әдебиет

баспасы. 1936. 526 б.

Сейфуллин С. *Тар жол, тайғақ кешу*. Алматы: Қазмемкөркембас. 1960. 483 б.

Сейфуллин С. *Тар жол, тайғақ кешу*. Алматы: Жазушы. 1977. 401 б.

Сейфуллин С. *Тар жол, тайғақ кешу*. Алматы: Жазушы. 2009. 432 б.

Сейфуллин С. *Өлеңдер мен дастандар*. Алматы: Жазушы. 2003. 448 б.

Тоқаев Қ. *Ұлттық құрылтайға арнаған сөзі*. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> Қаралды 18.04.2025.

References

Aladağ H. H. Tarihî Figürlerin Psikobiyoğrafisi: Tarihî Analizlerde Psikolojik Yaklaşımların Entegrasyonu. *Vakanüvis – Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi*. 2024. No.1, pp.1-52. <https://doi.org/10.24186/vakanuvis.1415401> (in Turkish)

Meirbekov A. Toponymic Heritage of Khoja Ahmed Yasawi. *Journal of Turkish Culture and Haji Bektash Veli Research*. 2023. No.105, pp.287-297. <https://doi.org/10.34189/hbv.105.012> (in English)

Abzhanov H. *Tarihşy*. Almaty: Algorithm Publ. 2023. 488 p. (in Kazakh)

Baitursunov A. *Revoliutsiia i kazakhi*. Life is National. 1919. No.8. (in Russian)

Danilevskii I.N. *Istoricheskaiia tekstologiia*. Moscow: Publishing House of the Higher School of Economics. 2018. 556 p. (in Russian)

Kakishev T. *Qyzyl süñqar*. Almaty: Kazakhstan Publ. 1968. 288 p. (in Kazakh)

Kakishev T. *Sahara süñqary*. Almaty: Kazygurt Publ. 2004. 406 p. (in Kazakh)

Kakishev T. *Säken jaiyndağy soñğy derekter*. Kazakh literature. 1991. No.4, pp. 6-7. (in Kazakh)

Kakishev T., Akhmet K. *Tar jol, taiğaq keşudın tağdyry: Kömekşi oqu qūraly*. Almaty: Category Publ. 1997. 224 p. (in Kazakh)

Kabdolov Z. *Söz öneri*. Almaty: School Publ. 1983. 231 p. (in Kazakh)

Kamzabekuly D. *Ruhaniat: Maqalalar men zertteuler*. Almaty: Education Publ. 1997. 272 p. (in Kazakh)

Kirabaev S. *Säken Seifullin*. Almaty: Writer Publ. 1974. 432 p. (in Kazakh)

Kozybaev M. *Өркенiet zhәне ылт*. Almaty: Kozdik – Dictionary. 2001. 368 p. (in Kazakh)

Repina L., Zvereva V., Paramonova T. *Istoriia istoricheskogo znaniia*. Moscow: İurait Publ. 2012. 370 p. (in Russian)

Seifullin S. *Tar jol, taiğaq keşu turaly*. Ädebiet maidany. 1929. No.7. (in Kazakh)

Seifullin S. *Tar jol, taiğaq keşu (arab grafikasy)*. Kyzylorda: Kazakh USSR State Publishing House. 1927. 421 p (in Kazakh)

Seifullin S. *Tar jol, taiğaq keşu (latyn grafikasy)*. Almaty: Kazakhstan Literature Publishing House. 1936. 526 p. (in Kazakh)

Seifullin S. *Tar jol, taiğaq keşu*. Almaty: Kazakh State Art Publishing House. 1960. 483 p. (in Kazakh)

Seifullin S. *Tar jol, taiğaq keşu*. Almaty: Writer Publ. 1977. 401 p. (in Kazakh)

Seifullin S. *Tar jol, taiğaq keşu*. Almaty: Writer Publ. 2009. 432 p. (in Kazakh)

Seifullin S. *Öleñder men dastandar*. Almaty: Writer Publ. 2005. 448 p. (in Kazakh)

Toqaeв Q. *Ülttyq qūryltaiğa arnağan sözi*. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> Date of request: 18.04.2025. (in Kazakh)

Information about the authors

Gulnaziya B. Ibrayeva – 1st year PhD student, Department of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11, Pushkin St., 010008 Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0005-1644-3775>, gulnaz_0976@mail.ru

Kuralay O. Seitkazina – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11, Pushkin St., 010008 Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-3057-7161>, seitkazina_ko@enu.kz

Ahmet Taşağıl – doctor, professor, Department of history of Turkey, Yeditepe University, Ataşehir, 326 A, Kayışdagi St., Istanbul, Turkey, <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>, atasagil@hotmail.com

Авторлар жөнінде мәлімет

Гүлназия Болатқызы Ибраева – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының 1–курс докторанты, 11–үй, Пушкин көшесі, 010008 Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0005-1644-3775>, gulnaz_0976@mail.ru

Құралай Отаубайқызы Сейітказина – т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 11–үй, Пушкин көш., 010008 Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-3057-7161>, seitkazina_ko@enu.kz

Ахмет Ташағыл – доктор, тарих кафедрасының профессоры, Едитепе университеті, Аташехир, 326 А, Кайышдагы көшесі, Ыстамбұл, Түркия, <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>, atasagil@hotmail.com

Сведения об авторах

Гүлназия Болатовна Ибраева – PhD–докторант 1–го курса кафедры истории Казахстана Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, д. 11, ул. Пушкина, 010008 Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0005-1644-3775>, gulnaz_0976@mail.ru

Құралай Отаубаевна Сейітказина – к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, д. 11, ул. Пушкина, 010008 Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-3057-7161>, seitkazina_ko@enu.kz

Ахмет Ташағыл – доктор, профессор кафедры истории Университета Йедитепе, Аташехир, д. 326 А, ул. Кайышдагы, Стамбул, Турция, <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>, atasagil@hotmail.com

Contribution of the authors

Ibrayeva G.B. – Developed the general structure of the article and identified the main directions of the research. Compiled a literary review, conducted a textual analysis, compared different editions, and identified changes between them. Seitkazina K.O. – Studied the editorial corrections in the text of the novel and analyzed their ideological influence. Analyzed research on Seifullin’s work and systematized the article. Tashagil A. – Systematized the historical analysis of the article, analyzed the ideological influence of the novel, and studied the impact of Soviet censorship. Described the political context of the Soviet era and its influence on literary works.

Авторлардың қосқан үлесі

Ибраева Г.Б. – Мақаланың жалпы құрылымын жасап, зерттеудің негізгі бағыттарын айқындады. Әдеби шолуды құрастырып, текстологиялық талдау жүргізіп, әртүрлі басылымдарды салыстырып, олардың арасындағы өзгерістерді анықтады. Сейтказина К.О. – Роман мәтініндегі редакциялық түзетулерді зерттеп, олардың идеологиялық ықпалын саралады. Сейфуллин шығармашылығына қатысты зерттеулерді саралап, мақаланы жүйеледі. Ташағыл А. – Мақалаға жасалған тарихи талдауды жүйелеп, романның идеологиялық ықпалға ұшырауын сараптап, кеңестік цензураның әсерін зерттеді. Кеңес дәуіріндегі саяси контекст пен оның әдеби шығармаларға тигізген ықпалын сипаттады.

Вклад авторов

Ибраева Г.Б. – разработала общую структуру статьи и определила основные направления исследования. Составила литературный обзор, провела текстологический анализ, сравнила различные издания и выявила различия между ними. Сейтказина К.О. – изучила редакционные правки в тексте романа и проанализировала их идеологическое влияние. Проанализировала исследования творчества Сейфуллина и систематизировала статью. Ташагил А. – систематизировал исторический анализ статьи, проанализировала идеологическое влияние романа и изучила влияние советской цензуры. Описал политический контекст советской эпохи и его влияние на литературные произведения.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / **Disclosure of conflict-of-interest information.** The author claims no conflict of interest

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 19.03.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 15.04.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.10.2025